



Автор: АБЛАЕВА АҚБОТА СЕРІКБАЙҚЫЗЫ

Пән: Қазақстан тарихы

Сынып: 6-сынып



Бөлім: X ғасыр – XIII ғасырдың басындағы Қазақстан

Тақырып: Қыпшақ хандығы

Сабақ мақсаты	Қыпшақ хандығы мемлекетінің тарихын білу, өздігінен іздену жұмыстарына үйренеді.
Сабақ негізделген оқу мақсаты (мақсаттары)	Барлық оқушылар: . Қыпшақ мемлекетінің құрылуы туралы, қоғамдық құрылысын постер арқылы қорғай алады. Оқушылардың басым бөлігі: . Дешті Қыпшақ даласының картасы берілген. Оң және сол қанаттары мен ордаларын көрсет. Көрші мемлекеттерінің атауын жаза алады Кейбір оқушылар: «Сәйкестендіруді» орындай алады
Тілдік мақсат	Оқушылар орындай алады: жеке жұмыс, топтық жұмыс Негізгі сөздер мен тіркестер: Елбөрілі, тоқсоба, йетиоба, дурут, жікілдер, «орда», хандар, «яланкуг», «половшылар» («далалықтар») Талқылауға арналған тармақтар: 1. Деректер.Қыпшақ мемлекетінің құрылуы 2. Қоғамдық құрылымы 3. Қыпшақтардың көршілерімен саяси қарым-қатынасы -Сіз неліктен ... екенін айта аласыз ба? Сіз неліктен XI ғасырдан бастап Қазақстанның Жетісудан басқа жерлерінің барлығына қыпшақтар ие болып, хандықтың әлеуметтік-экономикалық жағының нығаюы жерін кеңейтуді талап еткенін айта аласыз ба?
Бағалау критерийлері	Қыпшақ хандығының саяси картадағы орнын анықтайды Қыпшақ хандығы мемлекетінің тарихын біледі, өздігінен іздену жұмыстарына үйренеді.
Құндылықтарды дарыту	Қыпшақтардың елін, жерін қорғауы, әскери өнерін білуі арқылы патриотизм, өз елі үшін мақтаныш, құрмет құндылықтарын бойына дарыту
Пәнаралық байланыстар	Оқылым, жазылым тапсырмаларын орындату арқылы қазақ тілімен байланысты, картамен жұмыс арқылы географиямен байланысты жүзеге асыру
АКТ қолдану дағдылары	Интерактивті тақта мен презентация жаңа сабақ материалын игеруде пайдаланылады
Алдыңғы оқу	Орта ғасырлық Қарахан мемлекетінің, найман, керейіт, жалайырлардың географиялық орналасуы, саяси тарихы, шаруашылығы, тұрмыс-тіршілігі, кәсібі туралы біледі


Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (0-3мин))</p>	<p>Ұйымдастыру Оқушылармен сәлемдесу, психологиялық ахуал «Тілек» шаттық шеңбері.</p>  <p>Сыныпты түрлі түсті қиындылар арқылы 3 топқа бөлу:</p> 	<p>Топ атауына байланысты суреттер</p> <p>Презентация</p>
<p>Үй тапсырмасы (9 мин))</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Моңғол кезеңіне дейін Батыс Моңғолияда қоныстанған ірі тайпалар:Алдыңғы білімді қайталауға арналған сұрақтар: (9 мин) 2. Наймандар Ертіс және Орхон өзендері аралығында қай ғасырда қалыптасты? 3. 1125 жылы наймандар мен керейттер қандай империяға құлағаннан кейін өзінің тәуелсіздігін алды? 4. Наймандардың мемлекеттік ордасы: 5. Наймандардың батыстағы көршісі; 6. 1204 жылы наймандарды толықтай жеңген кімдер? 7. Наймандардың соңғы әскерін жинап Жетісуға қоныстанған кім? 8. XII ғасырда керейттер иеленген жерлер: 9. Керейттердің бас ордасы: 10. Моңғолдардың жас қолбасшысы Темучинге қолдау көрсеткен керейт ханы: 11. Керейттердің әлсіреген уақыты: 12. Жалайырлар VI-VII ғасырда қай қағанаттың құрамында болды? 13. Жалайырларды талқандап, өзіне бағындарған моңғол билеушісі <p>Бағалау: Оқушылар ұсынылған сұрақтарға жауап беру арқылы өзін-өзі бағалайды:</p>	<p>Қима қағаздар</p>

Ортасы
(3 мин)


1. Жаңа сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау .
2. Мағынаны тану:
Елбөрілі - «бөрілер халқы» депте атаған, қыпшақтардың шығыс бірлестігі, 16 тайпадан тұрған;
Тоқсоба- қыпшақтардың батыс бірлестігінен, «тоғыз тайпа» деген мағынаны білдіреді Йетиоба - қыпшақтардың батыс бірлестігінен, «жеті тайпа»;
Дурут - қыпшақтардың батыс бірлестігінен, «төрт тайпа»;
Жікілдер - XII ғ. бастап қыпшақтардың құрамына кірген, Арал маңын мекендейтін тайпа;
Орда - түркі-моңғол тайпаларының әскери-әкімшілік орталығы, мемлекет басшыларының тұрағы, (астана).
Хан— лауазым. Түркі-моңғол халықтарында мемлекет басқарған билік иесі.
«Қаған» терминінен қалыптасқан деп есептеледі;
Яланкуг - қыпшақ тілінде құлдар деген мағынаны білдіреді
Половецтер - қыпшақтардың Русьтегі атауы;
Командар - Еуропадағы қыпшақ атауы;
Шығармашылық топтық тапсырма беріледі.
Топ бойынша мәтінді оқиды. Тақырыптың мазмұнын аша отырып постер қорғайды (10мин).
А деңгейінде тапсырма:
1-топ. Деректер, Қыпшақ мемлекетінің құрылуы
2-топ. Қоғамдық құрылымы
3-топ. Қыпшақтардың көршілерімен саяси қарым-қатынасы
Дескриптор:
1-топ. Қыпшақтар туралы деректерді және мемлекетінің құрылуын анықтайды;
2-топ. Қоғамдық құрылымын түсіндіреді;
3-топ. Қыпшақтардың көршілерімен саяси қарым-қатынасын көрсетеді:
В деңгейінде тапсырма (5мин).
1-топ. Дешті Қыпшақ даласының картасы берілген. Оң және сол қанаттары мен ордаларын көрсет. Көрші мемлекеттерінің атауын жазу



2-топ. Берілген ақпараттың дұрыс немесе жалған екенін анықта.

Тапсырма	Дұрыс	Жалған
Қыпшақ хандығы Қарахан мемлекетінің орнына құрылды.		
Киев Русінің шегарасына барып орналасқан қыпшақтар половецтер деп аталды.		
Еуропа саяхатшылары П. Карпини мен В. Рубрук: «Қыпшақтар арба үстінде тігілген үйлерін 22 өгізбен тартып жүреді».		
Әл Омари: «Қыпшақтардың малдары соншалықты, ондай мал ешбір елде жоқ шығар»		
Жетісу өлкесі ғана қыпшақтардың құрамына кірмеді		
Батыс қыпшақтардың құрамына кірмеді		


Қазақстанның саяси картасы,
Image not found or type unknown



Қыпшақ халқының қалыптасуы тірек-сызба, Қазақстан тарихы Суреттер және кестелер жинағы маркелер, түсті қағаздар, стикерлер.

Аяқталуы
(3 мин.)

Үйге тапсырма: Қыпшақ хандығы тақырыбын оқу, тақырып аясындағы тапсырмалар. Кері байлағыс: «Екі жұлдыз, бір тілек»



Топ басшысы белгілеген бағалау парағындағы жиынтық бағасын шығару.
Формативті бағалау. (2 мин)

Бағалау парағы.